# Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мүддесіне орай теміржол жүк тасымалдарын цифрландыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 17 Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мүддесіне орай теміржол жүк тасымалдарын цифрландыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары бекітілсін .

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері іс-шаралар жоспарын дер кезінде орындау үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия іс-шаралар жоспарын орындау мониторингін жүргізуді және оның нәтижелері туралы 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында Еуразиялық үкіметаралық кеңесті хабардар етуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің<br>2021 жылғы 20 тамыздағы № 17<br>өкімімен<br>БЕКІТІЛГЕН

## Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мүддесіне орай теміржол жүк тасымалдарын цифрландыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

| Іс-шараның атауы | Іске асыру мерзімі | Іске асыру нәтижесі | Орындаушы |
|---|---|---|---|

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) теміржол тасымалдаушылары арасындағы тасымал және тауар алып жүру құжаттарында қамтылған электрондық деректер алмасудың толықтығы мен сапасын арттыру

| | | | |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.1. Мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары арасындағы нормативтік базаны (соның ішінде электрондық деректер алмасу туралы келісімдер жасасу) қалыптастыруды аяқтау<br>1.2. Мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары арасында мына тасымал және тауар алып жүру құжаттарын қамтитын электрондық хабарлар алмасуды қамтамасыз ету:<br>ХЖҚК теміржол жүкқұжаты<br>поездың табыстау тізімдемесі<br>ЦИМ/ХЖҚК теміржол жүкқұжаты<br>инвойс<br>орау парағы<br>1.3. Электрондық деректер алмасудың толықтығы мен сапасын электрондық құжаттар бойынша тасымалға көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деңгейге дейін арттыру | 2022 жылғы қаңтар<br>2021 жылғы қазан<br>2021 жылғы қазан<br>2021 жылғы қазан<br>2022 жылғы шілде<br>2022 жылғы шілде<br>2021 жылғы желтоқсан, әрі қарай – жыл сайын | Келісімдер электрондық хабарлар алмасу ақпараттық хаттар | "ОКТЖ" ЖАҚ,<br>"БТЖ" МБ,<br>"ҚТЖ" ҰК" АҚ,<br>"ҚТЖ" ҰК" МК,<br>"РТЖ" ААҚ,<br>мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (қажет болуына қарай)<br>"ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ,<br>"ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ,<br>"ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ |

2. Тасымал және тауар алып жүру құжаттары бөлігінде халықаралық тасымалдарды ресімдеу кезінде заң жағынан маңызды электрондық құжат айналымына көшу жөніндегі іс-шаралар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.1. Куәландырушы орталықтардың операторларын, сенім білдірілген үшінші тараптарды айқындау және оларға қажетті өкілеттіктер беру<br>2.2. Мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары арасында осы жоспардың 2.1-тармақшасында көзделген жұмыстарды аяқтау қорытындысы | | | уәкілетті органдар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бойынша халықаралық тасымалдарды ресімдеу кезінде қолданылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның типін келісу<br>2.3. Мүше мемлекеттердің электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, екіжақты негізде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануды реттейтін нормативтік базаны қалыптастыру (қалыптастыруды аяқтау)<br>2.4. Электрондық көлік және тауар алып жүру құжаттарындағы электрондық цифрлық қолтаңбаны өзара тануды қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалық-техникалық кешендер құру және (немесе) қазіргі бар кешендермен интеграция<br>2.5. Мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары арасында мына тасымал және тауар алып жүру құжаттарына қатысты заң жағынан маңызды электрондық құжат айналымына көшу дайындығын қамтамасыз ету:<br>ХЖҚК теміржол жүкқұжаты<br>ЦИМ/ХЖҚК теміржол жүкқұжаты<br>поездың табыстау тізімдемесі<br>инвойс<br>орау парағы | 2021 жылғы қараша<br>2021 жылғы қараша<br>2022 жылғы қаңтар<br>2022 жылғы шілде<br>2022 жылғы қараша | ақпараттық хаттар<br>ақпараттық хаттар<br>сенім білдірілген үшінші тараптардың және (немесе) куәландырушы орталықтардың операторлары арасындағы келісімдер,<br>сенім білдірілген үшінші тараптардың және (немесе) куәландырушы орталықтардың операторларының өзара іс-қимыл регламенттері, электрондық өзара іс-қимылдың технологиялық карталары<br>ақпараттық хаттар<br>ақпараттық хаттар | АР КО, БТЖ АҚО, ҰЭҚО, ҚР ҰАТ, ҚР КО, "НИИАС" ААҚ РФ ҰКО ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ, уәкілетті органдар, АР КО, БТЖ АҚО, ҰЭҚО, ҚР ҰАТ, ҚР КО, "НИИАС" ААҚ<br>уәкілетті органдар,<br>АР КО, БТЖ АҚО, ҰЭҚО, ҚР ҰАТ, ҚР КО, "НИИАС" ААҚ, АР МКК, БР Президенті жанындағы ЖТО, БР Көлікмині,<br>"ОКТЖ" ЖАҚ,<br>"БТЖ" МБ,<br>"ҚТЖ" ҰК" АҚ,<br>"ҚТЖ" ҰК" МК,<br>"РТЖ" ААҚ<br>"ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ, АР КО, БТЖ АҚО, ҰЭҚО, ҚР ҰАТ, ҚР КО, "НИИАС" ААҚ,<br>уәкілетті органдар<br>уәкілетті органдар, АР КО, АР МКК, БР Президенті жанындағы ЖТО, БР Байланысмині, БР Көлікмині, "ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ |

3. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен мүше мемлекеттердің бақылаушы органдары арасында электрондық өзара іс-қимыл орнату

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1. Наушки-Брест маршруты бойынша электрондық кеден транзитінің рәсімдерін сыналтымдау бойынша экспериментті мүше мемлекеттер арасындағы басқа теміржол тасымалы бағыттарына ауқымдандыру<br>3.2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (жүк жөнелтушілер, алушылар, экспедиторлар, операторлар, төлеушілер, кедендік және салық агенттері және басқа) және мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушыларының (қажет болуына қарай) заң жағынан маңызды электрондық құжат айналымының инфрақұрылымын құру жөніндегі жұмыстарды аяқтау<br><br>3.3. мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушыларының және мүше мемлекеттердің бақылаушы органдарының арасында электрондық өзара іс-қимылды ұйымдастыру:<br>осы жоспардың 2.5-тармақшасында көрсетілген электрондық тасымал және тауар алып жүру құжаттарының форматтары мен деректемелік құрамын келісу<br>мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары мен мүше мемлекеттердің кеден қызметтері арасында тасымал (ХЖҚК, ЦИМ/ХЖҚК | 2021 жылғы қазан<br><br>2022 жылғы қаңтар<br><br>2022 жылғы желтоқсан | Кеден одағына қатысушы мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасында бекітілген тәртіп<br><br>ақпараттық хаттар<br><br>ақпараттық хаттар<br><br>нормативтік құқықтық актілер | уәкілетті органдар<br>уәкілетті органдар (қажет болуына қарай), "ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ<br>уәкілетті органдар (қажет болуына қарай), "ОКТЖ" | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| теміржол жүкқұжаты, поездың табыстау тізімдемесі), тауар алып жүру (инвойс, орау парағы) және ілеспе ( ветеринариялық сертификат, фитосанитариялық сертификат) құжаттары көлемінде теміржол көлігімен жүк тасымалдау шеңберінде кедендік операциялар жасау үшін тауарлар мен көлік құралдары туралы ақпарат алмасу<br>жүктердің тасымалы, кедендік ресімдеу және салық есептілігі кезінде өзіне элктрондық құжаттарды қолдануды кірістіретін тасымалдың желілік қағазсыз технологиясын іске асыру мақсатында мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушыларының және мүше мемлекеттердің бақылаушы органдарының арасында электрондық өзара іс-қимылды ұйымдастыру<br>3.4. Осы жоспардың 3.3-тармақшасын орындау мақсатында нормативтік құқықтық актілер қабылдау (қажет болуына қарай) | 2022 жылғы желтоқсан | | ЖАҚ, "БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ<br>уәкілетті органдар |

4. Тасымал және тауар алып жүру құжаттары бөлігінде заң жағынан маңызды электрондық құжат айналымына көшуді қоса, мүше мемлекеттер арасында жүк тасымалының кешенді желілік қағазсыз технологиясына көшу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.1. Жүк тасымалының қағазсыз технологиясын ендіру негізінде халықаралық теміржол тасымалдарын жүзеге асыру бойынша келісімдер жасасу | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4.2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды және мүше мемлекеттердің бақылаушы органдарын тарта отырып, мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушылары арасында қағазсыз технология бойынша тәжірибелік жүк тасымалдарын ұйымдастыру<br>4.3. Осы жоспардың 1 – 4 -тармақтарында көрсетілген жұмыстардың нәтижесі бойынша халықаралық қатынастарда жүк тасымалының кешенді желілік қағазсыз технологиясына көшу | 2022 жылғы сәуір<br><br>2022 жылғы желтоқсан<br><br>2023 жылғы наурыз | келісімдер<br><br>ақпараттық хаттар<br><br>мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушыларының есептері | "ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ,<br>"ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ " ОКТЖ" ЖАҚ, "БТЖ" МБ , "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК,<br>"РТЖ" ААҚ, уәкілетті органдар (қажет болуына қарай) ОКТЖ" ЖАҚ, " БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "ҚТЖ" ҰК" МК, " РТЖ" ААҚ |

5. Жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау шеңберінде ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау саласындағы электрондық өзара іс-қимыл

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5.1. Ілеспе құжаттардың электрондық нысандарын алмасуды реттейтін нормативтік базаны ( ілеспе құжаттардың электрондық нысандарын пайдалана отырып халықаралық қатынаста жүк тасымалының қағазсыз технологиясын ұйымдастыру туралы келісімдер жасасу) қалыптастыру ( қалыптастыруды аяқтау)<br>5.2. Мына ілеспе құжаттардың электрондық нысандарына көшу:<br>ветеринариялық сертификаттар<br>фитосанитариялық сертификаттар | 2022 жылғы желтоқсан<br><br>2023 жылғы наурыз | нормативтік құқықтық актілер<br>мүше мемлекеттердің теміржол тасымалдаушыларының есептері | уәкілетті органдар, мүдделі ұйымдар<br>уәкілетті органдар, мүдделі ұйымдар, "ОКТЖ" ЖАҚ,<br>"БТЖ" МБ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ,<br>"ҚТЖ" ҰК" МК, "РТЖ" ААҚ |

Ескертпелер:

1. 1-1, 2,2-2,5, 3,2, 3,3, 4,1 – 4,3, 5,2- тармақшаларында Армения Республикасы үшін іске асыру мерзімі қосымша айқындалатын болады.

2.Осы жоспарды қолдану мақсаты үшін мынадай қысқартулар пайдаланылады:

"ҚТЖ" ҰК" АҚ – "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы ;

"БТЖ" МБ – "Белорус темір жолы" мемлекеттік бірлестігі;

"ҚТЖ" ҰК" МК – "Қырғыз темир жолу" ұлттық компаниясы" мемлекеттік кәсіпорны;

"ОКТЖ" ЖАҚ – "Оңтүстік Кавказ темір жолы" жабық акционерлік қоғамы;

АР МКК – Армения Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті

"НИИАС" ААҚ – "Теміржол көлігіндегі ақпараттандыру, автоматтандыру және байланыс ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық институты" ашық акционерлік қоғамы;

"РТЖ" ААҚ – "Ресей темір жолдары" ашық акционерлік қоғамы;

БР Президенті жанындағы ЖТО – Беларусь Республикасы Президенті жанындағы Жедел-талдау орталығы;

БР Байланысмині - Беларусь Республикасының Байланыс және ақпараттандыру министрлігі;

БР Көлікмині – Беларусь Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

ҚР ҰАТ - Қазақстан Республикасының "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы;

РФ ҰКО – Ресей Федерациясы "Ұлттық куәландырушы орталық" акционерлік қоғамы;

ҰЭҚО – Беларусь Республикасының "Ұлттық электрондық қызметтер орталығы" республикалық біртұтас кәсіпорны;

ХЖҚК – Халықаралық теміржол жүк қатынастары туралы келісім;

БТЖ АҚО – "Белорус темір жолы" мемлекеттік бірлестігінің ақпаратты қорғау орталығы;

ЦИМ – жүктердің халықаралық теміржол тасымалы туралы шартқа бірыңғай құқықтық ұйғарымдар;

АР КО – Армения Республикасының куәландырушы орталығы;

ҚР КО - Қырғыз Республикасының куәландырушы орталығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК